

бейнеленеді. Дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдер тұрмыстық, материалдық, шаруашылық, рухани, эстетикалық, поэтикалық, т.б. қажеттіліктерді өтеумен бірге қоғамның әлеуметтік бейнесін көрсететін, аллегориялық яки эстетикалық т.б. қызмет атқаратын болса, оған қатысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, тыйымдар, аңыз-әңгімелер, поэтикалық образды сөздер, көркем поэтикалық мәтіндер адам баласының ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, адамгершілікке, табиғатты аялауға, гуманизмге, т.б. баулайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Планк М. *Единство физической картины мира.* – М., 1966. 203 -с.

2 Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Дисс... филол. ғыл. док., -Алматы, 2007, -326 б.*

3 <https://kk.wikipedia.org/>

4 Жаксылыков А.Ж. *Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис. Алматы “Қазақ университеті”, 1999. -422 с.*

5 Құстар жайлы құранда айтылған қызықты деректер // <https://stan.kz/>

6 Есжанов Б.Е., Көбегенова С.С., Нұртазин С.Т. *Орнитология: Оқулық.* – Алматы: «Дәуір», 2011. – 272 б.

*References:*

1 Plank M. *Edinstvo fizicheskoi kartiny mira.* – M., 1966. 203 -s.

2 Uäli N. *Qazaq söz mädenietiniñ teorialyq negizderi. Diss... filol. ғыl. dok., -Almaty, 2007, -326 b.*

3 <https://kk.wikipedia.org/>

4 Jaksylykov A.J. *Obrazy, motivy i idei s religioznoi soderzhatelnöstü v proizvedeniah kazahskoi literatury. Tipologia, estetika, genezis. Almaty “Qazaq universiteti”, 1999. -422 s.*

5 Qūstar jaily qūranda aitylğan qyzyqty derekter // <https://stan.kz/>

6 Esjanov B.E., Köbegenova S.S., Nūrtazin S.T. *Ornitologia: Oqulyq.* – Almaty: «Däuir», 2011. – 272 b.

## МРНТИ 16.01.11

Жылқыбай Г. Қ.,<sup>1</sup> Абдукамалова Э.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Қожая Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан

<sup>2</sup> Қазақстан республикасы Қарулы күштері Әскери-тарихи музейі,  
Қазақстан, Астана

## СЕПТЕУЛІК ШЫЛАУЛАРДЫҢ АРМЯН ЖАЗУЛЫ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

*Аңдатпа*

Түркі тілдерінің, әсіресе қыпшақ тілдерінің тобына жататын қазақ тілі тәрізді тілдердің тарихын танып біліп зерттеу үшін олардың тарихи-салыстырмалы грамматикасы, әр тілдің өзіне тән тарихи грамматикасын жазуда ескі қыпшақ тілдерінің жазба ескерткіштері материалдары негізінде зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Басқа сөз таптарының мәселелеріне байланысты қалыптасқан тұрақты теорияларға шылау сөз табының ие болуы қазақ тіл білімі, қала берді түркология үшін аса маңызды, әрі өзекті мәселелердің бірі саналады. Қазіргі қазақ тілінде шылау сөз табы аз зерттелінгені анық. Шылау сөздердің қалыптасу, даму тарихын зерттеп-зерделеуде орта ғасыр жазба ескерткіштерінің, оның ішінде армян жазуымен жеткен қыпшақ тіліндегі жазба мұралардың да орны айрықша. Осындай тарихи жазба ескерткіш материалдарына сүйене отырып, шылау сөздердің ерекшеліктерін айқындау мақала тақырыбының өзектілігін танытады.

**Түйін сөздер:** септеулік шылаулар, түркі тілдері, шылаулардың ерекшеліктері, жазба ескерткіштері, қыпшақ тілдері

Zhylkybay G.,<sup>1</sup> Abdukamalova E.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,  
Turkestan, Kazakhstan

<sup>2</sup> Military-Historical Museum of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan,  
Kazakhstan, Astana

## THE USE OF THE POSTPOSITIONS ON ARMENIAN WRITTEN MONUMENTS

### Abstract

Possessing stable theories developed in connection with the problems of other parts of speech, postpositions are one of the most important and urgent problems for Kazakh linguistics, and in Turkology. To study the history of Turkic languages, especially such languages as Kazakh, which belongs to the group of Kipchak languages, it is important to conduct research based on the materials of historical and comparative grammar, written monuments of outdated Kipchak languages in writing a specific historical grammar of each language. Currently, the conjunctions are little studied in the Kazakh language. Written monuments of the middle ages, including written heritage in the Kipchak language that came down with the Armenian script, occupy a special place in the study of the history of the formation and development of word combinations. The relevance of the topic of the article lies in the determination of the features of conjunctions on the materials of such historical records.

**Keywords:** postpositions, Turkic languages, peculiarities of conjunctions, written monuments, Kipchak languages

Жылкыбай Г.К.,<sup>1</sup> Абдукамалова Э.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,  
Туркестан, Казахстан

<sup>2</sup> Военно-исторический музей Вооруженных Сил Республики Казахстан,  
Казахстан, Астана

## ПРИМЕНЕНИЕ ПОСЛЕЛОГОВ В ПАМЯТНИКАХ АРМЯНСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ

### Аннотация

Для изучения исторического развития тюркских языков, особенно таких, как казахский, относящийся к группе кыпчакских языков, особое значение имеет проведение исследования историко-сравнительной грамматики каждого отдельного языка, а также изучение материалов письменных памятников древнекипчакского языка. Как известно, в настоящее время в казахском языке недостаточно изучены послелого. Послелого являются одной из важнейших и актуальных проблем как в казахском языкознании, так и в тюркологии. В изучении истории образования, развития слов послелогов особое место занимают письменные памятники средневековья, в том числе и памятники армянской письменности, на основе которых развивался кипчакский язык. Выявление особенностей исторического развития послелогов на основе материалов письменных памятников определяет актуальность данной статьи.

**Ключевые слова:** послелого, тюркские языки, особенности послелогов, письменные памятники, кипчакские языки

**Кіріспе.** Қазіргі қазақ тіліндегі септеуліктер сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді бірін екіншісіне бағындыра, яғни сабақтастыра байланыстырып өзінің алдында тұрған толық мағыналы сөздердің белгілі бір тұлғада тұруын талап етіп, әр түрлі грамматикалық, мезгілдік, мекендік, мақсаттық қатынастарды білдіреді.

В.А.Исенғалиева өзінің зерттеу еңбектерінде шылау сөздердің зерттелуіне тоқталып өтеді: «Вопрос о служебных именах и послелогах также находит свое отражение в грамматиках языков тюркской семьи современных лингвистов (Н. П. Дыренковой, Н. К. Дмитриева, И. А. Батманова, Н.А. Баскакова, А. Н. Кононова и др.) В грамматиках Н.П.Дыренковой имеется эволюция взглядов автора в вопросе трактовки послелогов и служебных имен.

Профессор Н.А. Баскаков в своей грамматике каракалпакского языка также дат подробное исследование категории послелогов и служебных имен, причем служебные имена он включает в категорию послелогов. Послелоги Н.А. Баскаковым определяются так: «Послелоги – одна из служебных частей речи, выражающая определительные и главным образом объектно - предикатные синтаксические отношения членов предложения [1].

Қазақ тілінде «тура» сөзі тәуелдеулі шығыс септік формасында да қолданылады, бірақ ол өз алдына бір сөз септеулік шылау болып есептеледі.

«Тура» сөзінің бұндай екі жақтылық қызметі басқа тілдерде де кездеседі. Мысалы, В.В. Решетов: «Өзбек тілінде аралық топтағы сөздердің бар, жоқ екендігі туралы пікір айтпаса да «туғри» сөзін әрі «послелоги имена» әрі «собственно послелоги» деген тарауда да сөз етеді.

А.Н.Кононов болса, «туғри» сөзінің «туғрисидә», «туғрисига» формасында қолданылатындығын екеуінің кеңістік мағынасы барлығын сонымен бірге «туғрисидә» сөзі басқа мағына беретіндігін де ескерткен [2,68].

**Әдістеме.** Септеуліктердің есім мен етістікті сөз тіркестерін құрауы туралы айтар болсақ, Р.Әміровке сүйенсек: «Септеуліктер зат есім, есімше сөздерге жалғасып, оларды етістікпен тіркестіреді» дейді жалпылама. Басқаша айтсақ, септік жалғаулы сөзбен тіркесетін етістіктердің көбіне септеуліктерге мұқтаждығы туады. Мұның өзі жоғарыдағы анықта-малардан көретініміздей, септеуліктердің жеке тұрғанда мағынасы солғын саналса да, атаушы сөздерменен келген жағдайда мезгілдік, мекендік, себептік, мақсаттық, сын-сапалық, салыстырмалылық, теңестіру, қарсылықты, ортақтық, біргелік сияқты мағыналарды тудыратын қасиеті болатынын көрсетеді. Сондықтан да, түркі тілдерінің бірі қазақ тіліндегі септеулік шылаулар туралы синтаксис саласының білгірі Т.Сайрамбаев «Жалпы септеулік шылаулардың ролі біркелкі, яғни өзі қатысты сөздің мағынасын толықтырушы деген орынды» деп есептейді.

Осы жағынан да түркі тілдерінің көптеген грамматикаларында септеуліктердің атаушы мағынамен тіркескенде беретін мағыналарына орай әр түрлі топтарға бөледі. Айталық, түрік тілінің маманы Мухаррем Ергиннің жіктеуінде септеуліктердің қызметі жағынан мынадай түрлері бар:

- 1) Васыта вэ бэрабэрлик эдатлары (құралдық және біргелікті білдіретін септеуліктер);
- 2) Сэбэп эдатлары (себепті білдіретін септеуліктер);
- 3) Бэнзэлик эдатлары (теңеу септеуліктері);
- 4) Башкалык эдатлары (басқалықты, тән еместікті) білдіретін септеуліктер);
- 5) Микдар эдатлары (өлшемді білдіретін септеуліктер);
- 6) Заман эдатлары (мезгілді білдіретін септеуліктер);
- 7) Йэр вэ йөн эдатлары (мекен және бағыт-бағдарды білдіретін септеуліктер);
- 8) Сон чэким эдатлары гиби кулланылан исимелэр (септеулік секілді қолданылатын сөздер).

Ал түркімен ғалымдары 7 топқа бөледі:

- 1) Себеп хем мақсат билдирйәнлер (себеп және мақсат білдіретіндер);
- 2) Денешдирме билдирйәнлер (салыстыру білдіретіндер);
- 3) Меңзедилмеги билдирйәнлер (теңеу мақсатында қолданылатындар);
- 4) Угур билдирйәнлер (бағыт білдіретіндер);
- 5) Дегишлилик билдирйәнлер (байланыстылық білдіретіндер);
- 6) Вагт ве довамлылык билдирйәнлер (мезгіл және жалғасуды білдіретіндер);
- 7) Билеликделиги билдирйәнлер (біргелік, ортақтық білдіретіндер);

**Нәтижелер.** Мұның айналасында да қазақ тілінде де біршама пікір-тұжырымдар, жіктеулер жетерліктей. Септеуліктерді *демеулер* деген терминмен атауды жөн санаған М.Балақаев қазақ тілінің сөз тіркестері мен жай сөйлем синтаксисіне арнаған еңбегінде «Демеулер қатысты етістікті сөз тіркестері әр түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады. Олардың бастылары мыналар» деп, септеуліктерді көлемдік, мезгілдік, мақсаттық деген үш мағыналық ерекшеліктерін көрсетеді, кейбір ғалымдардың белгілі бір септік жалғауларын меңгеретін септеуліктердің мағыналарына орай ажырату тәсілі де кездеседі [3,60]

Құралдық септік қосымшасы ежелгі жазбаларда ғана емес XIII-XIV ғ. қыпшақ жазбаларында да «біле» шылауымен жарыса жиі қолданылған.

Әрине, бұл екеуінің арасында, ескі жазбаларға қарағанда, қолданыс ерекшелігі тұрғысынан бір кезгі шектеушілік бірте-бірте жойыла бастағаны да байқалады. Кейде құралдық септік пен «біле(бірле)» шылауының бірінің орнына екіншісінің ауысып қолданылуы және ондай қолданыстың негізделмеуі соны дәлелдейді. Ал, XVI ғасырдағы половец жазбаларында, сол жазбаларды

зерттеушілердің көрсетуіне қарағанда, құралдық септік атымен кездеспейді. Комитатив мәні түгелдей «біле» шылауына ауысқан. Сөйтіп, грамматикалық өз активтігін жоғалтады да, оның қызметі мен мәні шылауға ауысады. XVI ғасырдағы половец жазбаларының тілін зерттеуші Э.В.Севортян сингармонизм заңдылығының кей жағдайда сақталмауын, сондай-ақ барыс, жатыс септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің ауысып қолданылуын т.б. ерекшеліктерді көрсете келіп, бұлардың барлығы половец документтері тілінің біркелкі болмағандығының дәлелі деп түйеді. Қыпшақ жазбаларының өз ішінде де белгілі бір категориялардың берілу тәсілдері тұрғысынан бірізділік жоқ. Егер қыпшақ деген атпен бірнеше тайпалардың бірлестігі аталғанын еске алсақ, тілдік ауытқулардың болу фактісін түсінуге де болады. Құралдық септік жалғауымен «біле» шылауының қолданысын да сондай ауытқулардың бірі деп қарауға болар еді. Екінші жағынан, ежелгі мұралардың (V -VII ғ.ғ. XI - XIV ғ.ғ.) тілінде бұл екі тәсілдің жарыспалы қолданылу фактісін бетке ұстасақ, онда бір ғана грамматикалық қызмет пен мәннің екі түрлі тәсілі арқылы берілуі деп қарау керек болады. Тілдің дамуы барысында болатын экономия заңдылығы да осындай реттерде көрінеді. Сол заңдылықтың нәтижесінде құралдық септік жалғауы XV ғасырда-ақ көмектес септіктің осы тұлғасымен бірге, көне түркі жазбаларының тілінде бірлестік, құралдық мәнде «бірле» сөзі де қолданыс тапқан. – «Бу йірде олурып, табғач будун бірле түзелтім – Бұл жерде отырып, табғач халқымен жақындастым». (М.Қ.) –да мезгіл мәнінде «бірле» шылауын тұлғасымен жарыса қолданылуы кездеседі. – «Түн-күн біле севнелім» - күнімен, түнімен шаттанайық. Алайда, V-VIII ғасыр жазбаларында «бірле» шылауы мекен - орын, іс-әрекеттің жүріп өткен жолын, пунктін білдіру мәнінде қолданылуы байқалмайды. Соған қарағанда, -ын тұлғасы мен бірле шылауының синонимдігі тек қана құралдық, бірлестік мәндерін білдіруде ғана болған. «Бірле» шылауы осы тұлғада V- VIII ғасыр жазбаларында кездеседі. Ол жазбаларда бұл шылаудың басқа варианты жоқ. Ал, М.Қашқари сөздігінде екі вариант та **«бірле, біле»** түрінде жазылған. Алтын Орда дәуіріне жататын «Гүлістан», «Мухаббатнама» тілдерінде бұл шылау **«бірле, біле, білен»** түрінде кездессе, «Кодекс Куманикусте», хандар жарлықтарында «біле» түрінде ғана қолданылған. Бұған қарағанда, «бірле» шылауының құрамындағы -р түсіп қалуы сол XI ғасырға дейін-ақ болса керек. XI ғасырдың өзінде-ақ бұл шылаудың екі түрлі айтылғанын Махмуд Қашқаридың мына ескертпесінен байқауға болады. «Бірле, біле» - Ол менің бірле ерді – Ол менімен бірге еді [4,169].

**Талқылау.** Сонымен, көне түркі жазба ескеркіштеріндегі септеулік шылауларға тоқталып өтейік. Септеулік шылаулардың дербес мағынасы болмайды, белгілі бір септік жалғаудағы (атау, ілік, барыс, жатыс, шығыс, көмектес) сөздермен әр уақыт «бірле» тіркесте келеді. Олар:

**«бірле» ( - мен, - бен, - пен).**

Ізгіл будун бірле сүңісдіміз. (Ізгіл халқымен соғыстық).

Інім Күлтегін бірле, екі шад бірле. (Інім Күлтегінмен бірге, екі уәзірмен бірге).

Қадазда оғуз бірле сүңісдіміз. (Қадазда оғызбен соғыстық).

**«үчүн» - үшін.**

Теңрі күч бертік үчүн. (Тәңірі күш бергені үшін).

Түрк будун үчүн түн ұдымадым. (Түрік халқы үшін түн ұйықтамадым).

**«үзе» - үстіне.**

Түрк оғуз беглері, будуны есідің, үзе кәк теңрі басмасар, асра иір тілінмесер. (Түркі оғыз бектері, халқы, есіті, жоғарыда (үстінде) тәңірі баспаса, төменде жер жарылмаса).

Үзе көк теңрі, асра йағыз йер қылындукта екін ара кісі оғлы қылынмыс. (Көк үстінде тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екі арада адам баласы жаралды).

**«Тегі» - дейін, - шейін.**

Темір қапығқа тегі сүледіміз. (Темір қақпаға дейін соғыстық).

**«Тапа» - бағыт, солай қарай.**

Йырғару оғуз будун тапа, біргеру табған тапа улуғ сүнүш сүңішдім (Түстікке оғыз халқына қарай, ілгері қытан, татабы халқына қарай, бері табғашқа қарай үлкен соғыс жасадық).

**«отрү» - содан соң.**

Анта отрү оғуз қапын келті. (содан соң ол жерге оғыздың көпшілігі келді).

**«Сайу»- сайын.**

Йер сайу бардығ. (Жер сайын бардық).

**«Кісре, кесре» - одан кейін.**

Анта кісре қара түргес будун йағы болмыш. (Одан кейін қара түргеш халқы жау болды ).

Анта кісре қаныш қаған учды. (Одан кейін әкем қаған өлді).

**«Ара» - екі ара.**

Үзе көк теңірі, асра йағыз йер қылындукта екін ара кісі оғлы қылынмыс (Көкте тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екі арада адам баласы жаралды).

Егер V-VIII ғасыр ескерткіштерінде көмектес септік мәнін «бірле» шылау сөзі берген болса, кейінгі дәуір ескерткіштерінде осы шылау «бірлен, білен» түрінде кездесіп отырады. Соңғы вариант сол күйінде қазіргі түркі тілдерінің көбінде бар. О бастағы «бірле» сөзінің құрамындағы «р» дыбысының түсіп қалуы түркі тілдерінің тарихына жат құбылыс емес. Ал қазақ тілінің жергілікті говорларында көмектес септік жалғауының - мынан (-пынан) түрі кездеседі. Сөз басындағы м-б сәйкестігі түркі тілдер тарихында ескіден белгілі, қазір де бар құбылыс. Сөйтіп көмектес септік жалғауы «-мен» -нің о бастағы генезисі «бірле» шылауы екені еш күмән туғызбайды [5,115].

М.Томановтың мынадай ойымен толықтыра түссек: «Біле» шылауының қолданысынан осы күнгі көмектес септік беретін мән-мағынаның бәрі бірдей табылмайды. Көне түркі тілінде қазіргі көмектес септік мағыналары үш түрлі тұлға арқылы: - ын және бірле шылауы, - лы тұлғасы арқылы берілгенін байқауға болады. Тілдің тарихи даму процесінде - ын қолданылудан шығып қалған, -лы азын-аулақ фразалық тіркестер құрамында ғана айтылатын өнімсіз қосымша есебінде сақталғанмен, өзінің бұрынғы грамматикалық мәнінен айрылып, лексикализацияланған. Мұның барлығы энклитикалық қолданыс нәтижесінде пайда болған -мен жалғауының грамматикалық мәнінің, қолданылу сферасының кеңеюіне алып келді» [6,203-204]

Орта ғасыр ескерткіштері тілінде көмектес септігі жалғауының (немесе «бірле» шылауының) ілік септігінен соң келуі тек жіктеу есімдіктерінің септелуінде болатын құбылыс. Дегенмен, бұл шылаудың атау септігінде де тұрған жіктеу есімдіктерімен тіркесе айтылатындығын атап өткеніміз жөн: «Мен сіздер бірле мен не кім бірауы сезлеше еші турмен».

Послелог usun «для, ради» др. -тюрк., кирг., кбалк., кар., аз., уйг., шор., usun туркм., usi:n. ног., usin ккалп. и другие древнетюркские языки как правило связывают с us «конец, цель, причина» считая его именем в инстр. падеже или отглагольным именем (Севортян 1974, 642-643). М.Рясянен производит usun, isun от is «нутро» вслед за О.Бётлингком без каких-либо комментариев по поводу фонетической эволюции и морфемного состава. В туркменских диалектах наряду с отмеченными Э.В. Севортяном имеются «usgi, usgi:n, usugu:n».

Послелог bilen, birlen «с вместе с» является общетюркским. Уже в древнетюркских памятниках отмечены такие его варианты, как birla, bila и bilan. А.Габэн полагает, что birla и birlan – производные (конвербы) от глагола biril – «объединятся», К.Брокельман усматривает в irla числительное bir – ile (послелог), а birlan еще аффикс инструментального падежа. Bile параллельная форма к birle, видимо, возникла из birle. Г.Рамстедт считает, что birla < bir+ra, где bir «один», а ra – окончание. В. Котвич рассматривает -le/len в bile/ bilen как суффикс комитатива, а bi считает местоименным корнем, который в результате народной этимологии позднее смешался с bir «один» [7,496].

Ал енді орта ғасыр ескерткіштеріне жататын Ахмет Игүнекидің «һибат - ул – хақайық» (XII ғ.) ескерткішінде көмектес септігінің мағынасын негізінен «била», «бирла» септеулік шылауы береді.

**«ер била» - ермен.**

**«Тил била» - тілмен.**

**«Кедим била» - киіммен. [2,122]**

М.Қашқаридің «Дивану – лұғат ит түрк» ескерткішінде септеулік шылаулар былай берілген:

**«үндүн» - алдын.**

Ол мендән үндүн барды (Ол менен алдын барды).

**«Білэ» - бірге.**

Түн – күн білэ сеuinәлім (Түн – күн бірге сүйіnelік).

**«Бірлэ»- бірге.**

Ол менің бірлэ нең тіләшді (Ол менімен бірге зат сұрасты).

Бін қарға бірлэ қыш келмәс. (Бір қарғамен бірге қас келмес).

Ол менің бірлэ сувға чомушды. (Ол менімен бірге суға сүңгісті). [8,25]

Ж.Баласағұнның «Құтадғу біліг» ескерткішінде:

**«Бирла» - бірге.**

Чын һакимларының амсаллары бирла йарамыш. (Шын ғалымдардың мысалдары бірге жаратылған).

**«Біле» - менен.**

Йаратмыш ағырлығ білгін ер біле

Қалы кім шүкр ол қанағат тіле.  
(Жаратқан қымбат біліктерменен  
Егер кім шүкір етсе, ол қанағат тіле)  
Елін етті, түзді, байуду будун  
Бөрі қой біле сувлады ол Үдүн.  
(Елін қарады, түзеді, байыды халық  
Бөрі мен қой су ішті ол заман). [9,26]

«**Ат – тухфа**» ескерткішінде септеулік шылаулар былай берілген:

«**Бари, бурун, сонра**» - бері, бұрын, соңында.  
Мунча йылдан бари. (Мұнша жылдан бері).  
Би сиздан сонра катти. (Бек сізден соң кетті).  
Мандан бурун калди. (Ол менен бұрын келді).

«**Арт**» - **артында.**

Артында би турмуштур. (Сенің артында би).

«**-Тақы / - дақы / - дағы**» демеуліктері үстеу және жалғаулық шылаулар сияқты қолданылады.

- Усман тақы қолды.

- Халифа тақы жаваб айды.

«**Дақы**». Мұндай фонетикалық варианттар «Қисаси Рабғузи» тілінде ғана кездеседі.

- Бизим дақы қарындашымыз турур.

-Ибрахим дақы он қой кәлтурсун.

«**Дағы**» демеулігі негізінен «**Гүлістан-бит-түрки**» және «**Қисаси Рабғузиде**» жиірек қолданылады.

- Малик дағы Йусуф сөзин қабул қылды.

- Аввал майданға Султанның ул қысқа бойлу оғлы кирди дағы наъра уруб бу байтны оқыды.

«**Йэме**»

- Улар тақы йэме эьтик / қад бирлә отун салур эдилэр.

- Оқуш тағат қылмақ, кәрок азық йэме көп алмақ кәрәк .[9,71-74]

Қыпшақ ескерткіштерінің тілінде кездесетін септеулік шылаулар мыналар:

«**Bila**»- **бірге / мен, бен, пен /**

Sukurlumen Teңriga: siziñ barcañiz ucun artıç tillar bila sxzlarmen.

Шүкірлімін тәңирге: сіздер барлығынан тіл мен сөз үшін артықсыздар.

Egar ki til bila belgirtmasañiz sxzni, nicik aңlangai sxz.

Егер де тіл мен сөзді түсіндірмесеңіз, неге түсіндірілген сөз.

«**Ucun**» - **үшін**

Sukurlumen Teңriga: siziñ barcañiz ucun artıç tillar bila sxzlarmen.

Шүкірлімін тәңирге: сіздер барлығынан тіл мен сөз үшін артықсыздар.

Zera añıñ ucun Krisdos ta xldi da tirildi, ki xlularga da tirilarga da teñ buygıç etkay.

Өйткені оның үшін Христос та өлді де тірілді, сондықтан өлілерге де тірілерге де тең бұйрық етеді.

«**Diyin**»- **дейін, шейін**

Diyin egar emisli terarni tusnachta bolganda kessalar ya cetanlarin kuydurgaylar egar bolsa añıñ bilmacı bila ya erki bila, kim ki turar tusnachni, ziyan añıñdır.

Егер жеміс ағаштарын шауып немесе өртейтін

Dugul soңruya ocaslarnir Biy da dugul meñlik sacлар xсnu.

«**Soңra**» - **соңында т.б.**

Soңra bir neca kundan soңra Xantemir mirza 50000 tatar bila ketti sac Zamosca tibina da Lublin tibina da asira kxp zarar etip, kuvdurup, buzup, da çaytti kxp yasir bila 15 kundan soңra.

Соңында бірнеше күн өткен соң Хантемір мырза 50000 татармен Замостье және Люблинге қарай жүрді, оларға үлкен зиян келтірді, өртеді және аймақты бұзып, қомақты соң келді. [9,1083]

**Қазіргі қазақ тілінде шылаулар:**

«**дейін, дейінгі**» «Құсты Арал» саяхаты менің сол күнге дейінгі өмірімдегі елеулі бір белесім еді.

Бұл күнге дейін салт жүретін Игілік енді пәуескеге мінуді лайық көріпті.

Ірбіт, Омбы, Том, Қызылжар, Селебеге дейін барып қалған.

«**үшін**» Солардың әр алуан сыбыр-жыбырын біліп отыру үшін, Құнанбай өзіне қараған елдің біразын сол елдің арасына таман кірістіріп жіберу керек.

«**соң**» Ғазиз біраз жүрген соң, мына көшелер таныс бола бастады.

«шейін» Жүргіншілер әбден көзден таса болғанға шейін, бұлар арттарынан қарап тұрды.

«жайлы» Брилев бәрімізді жинап, сап алдында сынаудың қорытындысы жайлы қысқаша талдау жасады.

«туралы» Сұраудан сұрау туып, Шәрипа өкшелеп отырып артель туралы бірсыпыра нәрсені біліп алды.

«бері, бірге» Мына хабар шыққаннан бері, өзінен шоши бастады. 1936 жылы Қиыр Шығысқа менімен бірге бір қазақ жігіті барды.

Барыс септікті сөзбен тіркесетін септеуліктер есім сөздерге, есімшелерге, үстеулерге тіркесіп, мезгіл- мекендік, шектік мағына үстейді.

«Дейін, шейін» септеуліктері зат есімдерге, сан есімдерге, есімшелерге тіркеседі. Мысалы, Рақымбайға шейін, күн шартылдап жай түскеннің артындағыдай күн құбылып, есенгіреп қалған тәрізді.

«Қарай, таман» септеуліктері зат есімдерге, есімдіктерге, үстеу сөздерге тіркесіп, мекендік, мезгілдік қатынасты білдіреді. Мысалы, Назыкеш ұзай берген соңғы бір көшке қарай шауып кетті. Ұзақ Ақбейіттегі жиыннан қайтып Таңбалы тастағы өз ауылына таман келгенде...

«Салым, тарта, жуық, таяу» септеуліктері зат есімдер мен сан есімдерге тіркесіп, мезгілдік қатынас білдіреді. Мысалы, Мың жарым, екі мыңға тарта жылқысы бар. Ушаковтың отызға тарта қазақ зерттеушілері бар.

Шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеуліктер зат есім, есімдікпен, өткен шақ есімшемен тіркесіп, оларға мезгілдік, мекендік мағына үстейді.

«Гөрі» септеулігі зат есім, есімдікпен заттанған сөздермен, -ған, -ген тұлғалы өткен шақ есімшемен тіркесіп, талғау, таңдау мағынасында қолданылады. Мысалы, Жас жігіт бұдан гөрі де қаталырақ кетуге Игіліктен бата лмады.

«Бері» септеулігі зат есім, есімдік, есімшемен тіркесіп, мезгілдің басталу шағын, шегін білдіреді. Мысалы, «Көктеректің бауырында көп жылдардан бері өмір сүрген жансыз ауыл бірден өзгеріп, қайнап сала берді. Оның да кешеден бергі ел сөйлеген сөзге құлағын салып, өз ішінде қорытып келгендей байлауы осылай сияқты еді.

«Бері» шылауы сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышының құрамында келіп, мезгілдік қатынасты білдіреді. Мысалы, Мына хабар шыққаннан бері, өзінен шоши бастады.

«Кейін, соң» септеуліктері зат есім, есімдіктерге, қимыл атауы мен есімшеге тіркесіп, оқиғаның соңынан болатын мекендік, мезгілдік мағынаны білдіру үшін қолданылады. Мысалы, Әбден орнығып отырғаннан кейін ғана Зылиха сөз бастаған. Тағы біраздан соң, есіне Жабайдың түйіп қалғаны түсті.

«Бұрын» септеулігі шығыс септігінде тұрған сөздермен тіркесіп, оқиғаның алдын ала болуын білдіру үшін қолданылады. Мысалы, Бұрын осы көлдің басында үй саны онға толмайтын еді.

«Кейін, соң, бұрын» септеуліктері де атрибуттық мағынада қолданылатын -ғы, -гі формалы жұрнақтарды қабылдап, морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. Мысалы, Ендігі бұдан соңғы бір кезең ұлықтың айтқанына көнбедік.

«Бетер» септеулігі іс-әрекеттің болып кеткен амалдан анағұрлым күшті болғанын білдіру үшін жұмсалады. Мысалы, Жел одан бетер соққан сайын, айнала шаңғытып еш нәрсе көрінбей кетті. [10, 561].

С.Аманжолов еңбегінде септік жалғаулары арқылы жасалатын септеулік шылауларды былай көрсетеді.

Барыс жалғауларының шылау түрлерін анықтайық. Шылаулы барыс жалғауы үшеу:

1. «Дейін» шылауы барыс жалғаулы сөздің соңынан тұрып, оның мәнісін жоймайды, тек алған бетке мән қояды. Мысалы, Оқуға барғанға дейін демалдым. Бұл сөйлемде екі «-ға» бірінің артынан бірі келуі ерекше қасиет. Мұны жалғамалықтың сырынан ғана табуға болады.

2. «Астына» шылауы өзінің алдындағы сөздің барыс жалғауын тартып алып, алдыңғы сөзді ілік жалғауға түсіреді. Мысалы, Шахтер жердің астына түсті. *Астына, үстіне* шылаулары тұрақсыз, икемді келеді. Олар *астында, үстінде, астындағы, үстіндегі* де болып келуі жалпы сөйлемге байланысты. Осы ретте «ар жағына, бер жағына» деген қосар шылаулар да жалғанып жалғау ала береді.

3. «Бола» шылауы есімнен кейін тұрады, оның да келтіретін өзгерісі жоқ, мұндағы барыс жалғауы екі түрлі, *атқа бола, ағам бола* болып өзгеріс алып отырады. «Бола» шылауы өзінің алдыңғы сөзінен бөлек айтылмайды. Бұлардың сұрауы *неге бола, кімге бола* болып қосарлы түрде айтылады.

Шығыс жалғауларының шылаулы түрлеріне тоқталайық.

«Соң, кейін, бұрын, әрі, былай» шылаулары шығыс жалғаулы сөзге тіркесіп, бір қимылдың біту шегін көрсетеді. Мысалы, Үйге қайтқаннан соң, кітап оқыдым. Бұл жердегі шығыс септік жалғауы түсіп қалып, «қайтқан соң» болып та тұра береді. Кешеден бері, таудан әрі, осыдан былай [11,229-230].

**Қорытынды.** Қазіргі қазақ тіліндегі «дейін, шейін» септеулік шылауының көне түркі жазбаларындағы тұлғасы мен армян жазулы қыпшақ ескерткіштеріндегі тұлғаларымен салыстыра қарасақ, екеуінен айтарлықтай ерекшелікті көреміз. Көне түркі тілінде «тегі», армян жазулы қыпшақ ескерткішінде «дейін» тұлғасында келеді. Сонымен, біздің септеулік шылауымыз соңғы тұлғаға жақын екендігін байқаймыз.

Сонымен армян жазулы қыпшақ жазбаларындағы шылауларды жалғаулық, септеулік, демеулік деп үш топқа бөліп жіктейміз. Армян жазулы түркі жазба ескерткіштері тіліндегі шылау сөздерді көне түркі ескерткіштері мен орта ғасыр ескерткіштері тілімен салыстырып сәл де болса ерекшеліктерін айқындауға тырыстық.

Қыпшақ жазбаларындағы шылау сөздерді тарихи-сипаттамалы тұрғыдан салыстыра келе, олардың фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері барын, сонымен қатар қазірге дейін өз тұлғасын сақтап қалғандығы анықталды.

Бұл мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2020-2022 жылдарға арналған № АР08856398 XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясы: қыпшақтық фактордың лингвистикалық аспектілері» гранттық жобасымен қаржыландырылған. Жоба жетекшісі **Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы**.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 В.А.Исенғалиева. *Служебные имена и послелогии в казахском языке*. -Алма-Ата, 1957. -9-стр.
- 2 *Изысканный дар тюркскому языку*. Ташкент, 1978. -62-стр.
- 3 Әбілқазов А., Әмірәлиев Қ. *Қазақ тілі тарихи грамматикасының практикумы*. Алматы, 1973. -75-бет.
- 4 *Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер*. Алматы, 1983. -122-бет
- 5 Аманжолов С. *Қазақ тілі теориясының негіздері*. Алматы, 2002. -229-230-беттер.
- 6 Томанов М. *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы*. Алматы, 1981. -60-бет.
- 7 Оразов М. *Көмекші сөздер*. Ташкент, 1997. -68-бет.
- 8 Айдаров Ғ. *Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің тілі*. -Алматы, 1992. -52 бет.
- 9 Айдаров Ғ. *Күлтегін ескерткіші*. Алматы, 1995 -132-бет.
- 10 Ертаев К.Е. *Лингвистический статус послелогов в трудах В.В.Радлова: Дис. на соискание ученой степени кандидата филологических наук*. -Алма-Ата, 1992. -25-стр..
- 11 Исаев С. *Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты*. Алматы, 1998. 286-бет.

*References:*

- 1 V.A.Isengalieva. *Sluzhebnye imena i poslelogii v kazahskom iazyke*. -Alma-Ata, 1957. -9-str.
- 2 *İzyskanniy dar türkskomu iazyku*. Taşkent, 1978. -62-str.
- 3 *Äbülqazev A., Ämiräliev Q. Qazaq tili tarihi gramatikasynyñ praktikumu*. Almaty, 1973. -75-bet.
- 4 *Eski türki jazba eskertkişteri turaly zertteuler*. Almaty, 1983. -122-bet
- 5 *Amanjolov S. Qazaq tili teoriasynyñ negizderi*. Almaty, 2002. -229-230-better.
- 6 *Tomanov M. Qazaq tiliniñ tarihi gramatikasy*. Almaty, 1981. -60-bet.
- 7 *Orazov M. Kömekşii sözder*. Taşkent, 1997. -68-bet.
- 8 *Aidarov Ğ. Armän jazuly qypşaq eskertkişteriniñ tili*. -Almaty, 1992. -52 bet.
- 9 *Aidarov Ğ. Kültegin eskertkişi*. Almaty, 1995 -132-bet.
- 10 *Ertaev K.E. Lingvisticheski status poslelogov v trudah V.V.Radlova: Dis. na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk*. -Alma-Ata, 1992. -25-str..
- 11 *İsaev S. Qazırgı qazaq tilindegi sözderdiñ gramatikalyq sipaty*. Almaty, 1998. 286-bet.